

Әсем безендірілген залға балалар «Көктем» әнінің сазымен кіреді..

«Бар жақсылық, күллі әлемге тараған

Аналардың ақ нұрынан жаралған»

Құтты болсын мерекеміз бүгінгі,

Ардақты аналарған арналған.

— дей отырып қадырлі аналар, ардақты әжелер сіздерді көктеммен күлімдей келген халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

Ортаға №3 «Аққу» ересек тобынның бүлдіршіндерін шақырайық.

(Балалардың залға музыка әуенімен кіріп, орындарына отырад)

Жүргізуші:

-Балалар қазір жылдың мезгілі?

-Көктем мезгілінде қандай мерекелерді тойлаймыз?

-Балалар бүгін қандай мерекеге келіп отырмыз?

-8 наурыз

Бәйшешек:

Сәлем, сәлем, балақайлар,

Қуаныңдар алақайлап,

Құстар әнін ала келдім.

Жерге кілем жаба келдім.

Жан бітіріп табиғатқа,

Гүлдерімді ала келдім.

-Сәлеметсіңдер ме балалар!

-Балалар сендер мені таныдыңдар ма, мен бәйшешек гүлімін Көктемнің келе жатқанын алғаш хабарлайтын күй талғамайтын гүлмін. Бірақ мен бүгін тоңып қалдым

Балалар көктем мезгілі келгенмен маған күннің жылылығы жетпей тоңып тұрмын, маған сіздердің көмектеріңіз қажет, көмектесе аласыздар ма?

Жүргізуші:

-Балалар көмектесе аламыз ба?

Жүргізуші:

Күн шуағындай таралған жүректен шыққан жылы лебімізді, әніміз бен биімізді ардақты аналар мен әжелерге, бәйшешекке де арнаймыз. Әр өнерімізді көрсетер алдында күнімізді ұмытпай, оның шуақтарын сәндейміз. Күннің жылылығын шақырайық. (Балалар тақпақтарын айтып, күн шуағын жапсырады.)

Зере:

Ана дейміз бәрімізде аңқылдап,

Ана дейді жас сәби де жарқылдап.

Ана-деген бәйтерегі өмірдің,

Ана деген-асыл жандар болаттай,

Ана деген- мөлдір жандар бұлақтай.

О, адамдар қадірлей біл ананы,

Жат қылыққа ақыл-ойды танытпай.

Өркен:

Жамандықтан сақтандырып,
Жақсы ісімді мақтан қылып.
Ақ мамады мен әрқашан,
Жүрсем деймін шаттандырып.

Мадина:

Тірегі болып жаныңда,
Бірге еріп жүремін.
Жанашырым жанымда,
Тек әжем деп білемін!

Айдын:

Өзің мені өсірген,
Айналайын ақ әжем!
Тентек болсам кешірген,
Ауырмашы жан әжем!

Би: «Конфетика» қыздар биі.

Мейірбек:

Құтты болсын осы шаттық күніміз,
Бақытты да ұзақ өмір сүріңіз.
Қуанышты жүзіңбен әрдайым,
Бұл өмірде күліп қана жүріңіз!

Айша.

Дүниеде ең кемеңгер дананы,
Ана табады, аялайды бағады.
Сол үшін де құдіретіңе бас иіп,
Құрметтейік қасиетті ананы!

Қарақат:

Аналарды теңейміз ғой құндызға,
Күнге де айға да, тұлдызға.
Өмір бақи анаменен,
Бақытты ғой ұл-қыздар.

Бақтияр:

Үн қатамын бал тілмен,
Еркелеймін әр күн мен.
Құттықтаймын анамды,
8-ші Нарызбен!

Ойын: «Самаурын мен шәйнектер»

Гүлсезім:

Ана деген асыл зат,
Жаратылған асылдан.
Мейірімді анамыз,
Күн нұрындай шашылған.

Әліби:

Аман болса анамыз,
Біз жұлдыздай жанамыз!
Қанша дана болсақ та,
Біз анаға баламыз.

Асхат:

Әже деген көп шығар,
Әжемдей менің жоқ шығар.
Мейірімді бұл кісі,
Қандай ғажап күлкісі.

Еркеназ.

Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегімде сақтаған.
Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ мамам.

Айзере:

Бөбегімнің сыйлығын,
Қабыл алшы анашым!
Ұзақ өмір жүз жасап,
Ауырмашы анашым!

Ән: «Әжетайым» Тлеуберген Мадина**Жанерке:**

Анам, анам, ақ анам,
Мен өзіндей ақ балаң.
Айтқан тіліңді аламын,
Жұмсағанға барамын.

Алихан:

Жарқын жүзді жан анам,
Сендей болсын бар адам.
Сендей болса бар адам,
Шаттық кетпес баладан.

Нұрайым.

Еркелеткен біз үшін,
Еңбек еткен біз үшін.
Еркелеткен біздерді,
Анашыма мың алғыс!

Нұрай:

Аналарды сүйеміз,
Сөзін ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап,
Әдеппен бас иеміз.

Исламбек:

Той пердесін ашайық,
Тойға шашу шашайық.
Аналарды құрметтеп,
Ән маржанын шашайық!

Ойын: «Қане, сыпыр!»

Шарты: Балалар мен ата-аналары екі топқа бөлініп тұрады. Әр топқа қарама қарсы орындық тұрады. (5-7 қадам) Бірінші топтағы бірінші баланың қолына сыпырғыш пен шар беріледі. Ойын ойнаушы шарды орындыққа жеткізіп,

орындықты айналып тобына келіп қайта келу керек . Келген ойыншы сыпырғышын келесі ойыншыға беріп, ойын қайталанады. Эстафетаны тез ойнап бітірген топ жеңіске жетеді.

Бәйшешек:

Балалар менің кететін уақытым болды. Мен сендерге әдемі гүлдер алып келдім. Себетте салынған гүлдерді алып ортаға қояды. Мен сендермен қоштаспаймын. Әлі де мен сендермен бірге боламын. Сендер мені далаға серуенге шыққанда көретін боласыңдар. Көріскенше сау болыңдар балалар.

Хор: «Анашым»

Жүргізуші:

Осымен бүгінгі «Аялаған анашым» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Келесі ертеңгілікте кездескенше қош сау болыңдар.

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Тақырыбы: «Аялаған Анашым»



Тәрбиешілер: Молдашева Н.Б.

Искакова Р.Ж.

2023ж





